



Әулиеқол ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Әулиеқол аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ

ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района

Халқымыз

о жанымыз

қаламыз



Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әуликөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района

«Халқын оятқан қаламгер»

Міржәкып Дулатовтың
140 жылдығына арналған
әдістемелік құрал

**Құрастырушы/
Составитель
Шығарылымға жауапты/
Ответственный за выпуск
Мұқабаны безендірген /
Дизайн обложки
Редактор**

Мукушова А. К. – библиограф

Досалина Ж. М. – ӘББ жетекшісі /
руководитель МБО
Холоша Д. М.

Серкебаева С. Ж. – Директор
Аулиекольской ЦБС

«Халқын оятқан қаламгер» : әдістемелік құрал [Мәтін] / Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ ; құраст.: А. К. Мукушова ; редактор С. Ж. Серкебаева. – Әулиекөл. – 2025. – 42 б.

Әдістемелік құралға қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақын, жазушы, қоғам қайраткері әрі жалынды көсемсөз шебері, әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер Міржақып Дулатов туралы өмір жолы мен еңбектері, естеліктер мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар еніп отыр.

Құрастырушыдан

Аса көрнекті ақын, жазушы, драматург, педагог, публицист, аудармашы Міржақып Дулатов қазақ халқының арман-мүддесін терең түсіне біліп, қазақ қоғамында жаңадан өрістеп келе жатқан демократияшыл идеялардың жаршысы болды. Оның қазақ елі мен жері, тіршілігі мен тынысы, тарихы мен тілі, әдебиеті мен мәдениеті, әлеуметі мен этнографиясы, салты мен дәстүрі хақындағы сан-алуан тақырыптағы еңбектері уақыт өткен сайын мән-маңызы арта түсер бағалы дүниелер.

Адамзатты ескіліктен, мешеуліктен, зорлық-зомбылықтан, қанау мен езуден құтқаратын күшті құрал – оқу-білім, өнер-ғылым, адал еңбек, әділдік пен адамгершілік мәселелерін көтерген «Оян, қазақ!» жыр кітабы бірден қазақ елінің ұранына айналды. Ақынның көңіл күй лирикалары да саяси-әлеуметтік мәселелерді қозғады. Ал қазақ әйелінің ауыр халін шынайы бейнелеген «Бақытсыз Жамал» атты романы ұлттық әдебиетіміздегі тұңғыш прозалық шығарма еді.

Оқу құралының мақсаты: Әулиекөл ОКЖ-нің қорындағы материалдарын жинау; жазушы, оның өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы түсінік беру.

Әдебиет бөлімдер бойынша жүйеленген.

Құралдағы материал қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған.

Материалдың іріктелуі 2025 жылдың ақпан айында аяқталды.

Әдістемелік құрал ізденушілерге және оқырмандардың кең ауқымына арналған.

Материал <http://auliekol-cbs.kz/ru/> сайтта көрсетілген.

Өмірбаяны



Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақын, жазушы, қоғам қайраткері әрі жалынды көсемсөз шебері, әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер Міржақып Дулатов 1885 жылы 21 қарашада бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезіне қарасты, № 1 Сарықопа болысында (қазіргі Қостанай облысының, Жанкелдин ауданы, Қызбел ауылында) туған.

Ботагөз Асқарқызының естелігінен...

Біздің тұқым Байжұмардан тарайды, Байжұмардан – Сансызбай, одан туғандар Ниязбек, Дулат (1849–1897). Дулат пен Дәмештен туған балалар: Асқар (1865–1938), Қонысбай (Қошай), Зылиха, Қанипа, Міржақып (1885–1935), Ақжан 1973 жылы қайтыс болды.

Дулат атамыз ескіше оқыған, көзі ашық, көңілі ояу, ел ішіндегі дау-жанжалдан аулақ жүретін қарапайым кісі болыпты. Өзіне байлық-дәулет бітпеген, орта шаруалы, әр кәсіпке икемі бар, етік тігіп, ер-тұрман шабатын өнерімен аты шыққан, жұрт сыйлайтын ұста екен. Жұмыс үстінде атамыздың қолына біз кіріп кетіп, оған уақытында мән бермегендіктен, жарақаты ушығып, ақыры қағынды (сепсис) ауруынан қырық тоғыз жасында қайтыс болған. Дулаттың зайыбы Дәмеш – Қараман еліндегі атақты байдың қызы. Ол ақылына көркі сай, ажарлы кісі еді. Жиын-тойларда домбыра тартып, ән салатын, айтыстарға да қатысып жүретін. Өңгімені қиыстырып, мәнерлеп сөйлейтін. Қолынан іс келетін шебер, үй шаруасына ұқыпты, берекелі, қонақжай, ел-жұртқа жағымды, абысын-ажындармен тату, мейірімді ана еді.



Асқар Дулатұлы (Міржақыптың ағасы)
Қызылорда, 1925 жыл

Өз әкем Асқар Дулатұлы ел ішінде беделі зор, жұрт сыйлайтын, оқыған кісі, ел басшысы, атқамінер болған. Біздің үйді «Үлкен үй» дейтін. Әкеміз Торғай дуанының судьясы, яғни биі болып жұмыс істеді. Дуанға жүрерде арнайы тігілген киімін киетін, қос шынжырлы медалін (оны «знак» дейтінбіз) мойнына салатын, ұмытпай қызыл масаты қалташаға салынған мөрін алатын. Ауылдағы келіндері ол кісіні «Би-аға» деп атайтын.

Әкем орта бойлы, толықтау, орақ мұрынды, бидай өңді, жылы шырайлы, мінезі салмақты, асықпай сөйлейтін кісі еді. Шешеміз Қадиха өте сымбатты, жібек мінезді, көргенді жерден шыққан, ошақ басын берік, ұқыпты ұстайтын, ауыл-аймаққа үлгі көрсете білген, барынша мейірімді ана, сүйікті жар, жақсы жеңге болғанын жұрт мақтан ететін. Жастай жетім қалған Міржақып қайнысын, шешесін жоқтатпай,

бауырына салып еркелетіп өсірген. Міржақып тәтем Қадияша жеңгесін келінеке, ағасын Ақай әке дейтін.

Ақай әкемнің айтуынша, Міржақыптың тілі ерте шығыпты, әуелі тілін төсеп сөйлейді екен, өсе келе анық сөйлеп кетіпті. Дәмеш шешелері Міржақыпты басқа балаларынан гөрі айрықша жақсы көріпті. Қаз тұрып, апылтапыл жүре бастағанда-ақ, арқасынан түсірмей, ауыл сыртында молдадан оқып жатқан шәкірттердің жанына барады екен. Баласы жығылып қалмасын деп, күншаш деген жұмсақ шөпті жіп тәрізді есіп, белінен байлап өзі бір ұшынан ұстап, балалардың арасына қоя беріп, қызыға қарап тұратын болса керек. Олардың қағаз-қаламдарына жармасқан баласын көрген шешесі мәз болып: «Менің жаным да ер жетіп, оқымысты болады, көрген аян түсім бар, сол келеді» деп қуанады екен. «Қуаныш ренжіспен қатар жүреді» демекші, Дәмеш аналарының өмірі ұзақ болмады, ұлы Міржақып бар болғаны екі жасқа толғанда, жетім қалды. Қаңтар айының қақаған аязы, күні-түні дамылсыз соққан үскірік ақ бораны, таудай үйілген қалың қары жұртты үйлерінен шығармай, марқұмды жерлеуге мүмкіндік бермепті. Қазаға көңіл айтуға келген кісілердің аяғы басылып, өліктің қасында отырған күзетшілердің көздері ілініп кеткенде, шешесінің қойнында жатып үйренген Міржақып өлген шешесінің қасына қисайып, ұйықтап қалыпты.

Осындай аянышты да қайғылы оқиға көргендерге де, естіген біздерге де ұмытылмайтын әсер қалдырған...

...Енді, балалар, - деді тағы бірде Ақай әкем, - Міржақыптың бала кезін айтып берейін сендерге. Міржақып менен көп кіші, әрі інім, әрі баламдай қолымызда тәрбиеленді. Өзі қатарлас балалардан бойы аласалау боп өсті, бірақ денесі тығыршықтай жұмыр, шапшаң қимылды болды. Үстін таза ұстап, жинақы жүретін. Мінезінен бірбеткей қайсарлық, өжеттік сезілетін, не бүлдірсе де, жасырмай турасын айтатын. Кемтар кісілерді, жарымжан мүгедектерді аяйтын, көңілшектігі, жұмсақтығы да бала шағынан байқалатын. Сөзінде тұратын, өтірік пен жағымпаздықты білмейтін. Ауызекі жұрттан естіген ертегілерді, қисса-дастандарды тез жаттап алып, айтып жүретін. Жастайынан әңгімешіл, қуақы, орайын келтіре сөйлеп, құрбы-құрдастары мен ересек кісілерді күлдіріп отыратын. Балаларды жанына жинап алып, әртүрлі ойындармен қызықтыратын... Бір қызығы, Міржақып екі нәрседен – шынының сынығынан, балықтың сүйегінен қорқатын. Бала кезінде қалтасына салып ойнап жүрген шынының өткір ұшы санына кіріп, жарасынан азап шеккен, ал балықтың қылтаны тамағына қадалып, қақалып қалғаны бар. Сондықтан үйде жүргенде, бәрімізге шыны сынығын ұстатпайтын, балық жегізбейтін. Осы оғаш қорқақтығы ер жеткенде де қалған жоқ.

Айта берсең, қызықтары көп. Ауылда көктемде, кейде өзеннің мұзы қозғалмаған кезде, ерте қой қоздайтыны болады. Әр бала бәсіре қозыларын өздері күтіп бағатын. Бір жылы Міржақыптың қозысы аппақ, ал жолдасының қозысы қап-қара болыпты. Әлгі аңқау, не айтса, соған сене беретін досы: «Әй, Міржақып, осы сенің қозың неге аппақ?» - депті. Оған Міржақып: «Өзің қызық екенсің, соны да білмейсің бе? Мен құсап қошақаныңды апарып, Қоңыраулының мұзын ойып, суға түсіріп жумайсың ба?» - десе, бала соның бәрін істеп, қозысынан айырылады...

(Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 6 том : Кейінгі жылдары табылған құжаттар мен деректер, хаттар, естеліктер / М. Дулатұлы ; құраст. : Е. Сатыдалбиев, В. Галиев, Т. Жұртбаев, М. Әпсәметов. – Алматы : Мектеп, 2013. – 382–388 б.)

1897 жылы ол Торғай қаласындағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне түседі де, бес жыл оқып, 1902 жылы оны өте жоғары бағамен бітіріп, «Ауыл мұғалімі» деген атаққа ие болды.

Ұстаздық ету барысында көп нәрсені үйреніп, өз халқының тәуелсіздігі үшін күреске дайындалады. Өз бетінше оқып, білімін дамытып, орыс тілін жақсы меңгерген Міржақып бос уақытында тілін жетілдіру үшін көркем кітаптар оқиды, өлең жаза бастайды. Ол Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлы сияқты қазақ зиялыларының өз халқы туралы ойлаған көптеген шығармаларын оқыды.

Қалың қазақы ортадан шығып, айналасы 4-5 жылдың ішінде уездік мектептен дүниелік пәндердің негізі жөнінде жалпылама ғана мағлұмат алып шыққан жас жігіттің болашақта үлкен білімдар болып шығуы үшін және заманның аяқ алысын аңғарып, соған қарай қарекет жасайтын қайраткер болып қалыптасуы үшін, өзгені былай қойғанда, мынадай екі қасиет қажет сияқты болып көрінеді.


Біріншісі – мектептен алған білімдік-танымдық мағлұматтарды өздігінен оқу арқылы жүйеге келтіріп жетілдіру және екіншісі сол білгенін ел өмірімен салыстырып, оның тілек-талабына бағындыра білу, соған орайластыра іс-қимыл жасауға бейімделу.

Жасы жиырмаға толмаған балаң жігіттің бойында осы екі қасиеттің екеуі де бар еді. Оның үстіне, іздену үстінде түйгенін де, күн сайын көзі көре жүріп, өзгеге айтқысы келген әсерін де жұрт көңіліне қонымды өлең шумақтарымен жеткізе алатын, табиғаттың бағалы сыйындай ақындық дарын да жігіт бойынан белгі бере бастады.

1904 жылы алыс та ұзақ сапарға аттанып, сол кезде Арқадағы қазақ оқығандарының бас қосатын бір орталығы – Омбы қаласына тартады. Омбыдан Қарқаралыға беттейді. Әуелі астыртын жұмыстан басталып, кейін жария сипат алған революциялық жұмысқа белсене араласады.

Осы жылы Міржақыптың бүкіл өмірін өзгерткен оқиға болды. Сол жылы ол Қарқаралыда Ахмет Байтұрсынұлы және Әлихан Бөкейхановпен тағы да кездесті. Осылайша, ол жаңа қалыптасқан қазақ реформашыл ұлттық қозғалысының осы екі көшбасшысының ықпалымен колониалға қарсы, антиресейлік көзқарасқа ие болды.

Омбы мен Қарқаралыда Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынұлы мектебінен саяси күрескерліктің алғашқы сабақтарын алған Міржақып астанаға барғанда одан әрі кеңейтіп, пысықтай түседі. Сол замандағы ұлттық, демократиялық қозғалыстың басқа да бірсыпыра қайраткерлерімен жүздесіп танысады. Өзін де танытып қайтады.



*Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов.
Орынбор, 1913 жыл*

1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде Міржақыптың «Жастарға» деген өлеңінің басылу сырында да осындай сабақтастық қисын бар еді. Ал осы газеттің жарық көре алмай кеткен екінші санында Дулатовтың қаламынан туған «Біздің мақсатымыз» атты бас мақала бар екен. Газеттің шықпай жатып тұншықтырылуына басты бір себеп те осы мақала болса керек.

Өйткені осыдан екі жыл кейін жарық көрген «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы тәркіленіп, автор патшалықтың әкімшілігі тарапынан саяси қуғынға ұшыраған кезде, жандарм қызметкерлерінің тағатын негізгі кінәсінің өзі – сол Петербургте тұтқындалған газет мақаласының идеяларын әрі қарай уағыздағандығы деп көрсетілген.

1907 жылғы 3 шілдеде патша жарлығымен Сібір мен Орталық Азияның барлық байырғы халықтары секілді қазақтар да Ресейдің мемлекеттік думасына

қатысу құқығынан айырылды. Бұл өзін-өзі басқару мүмкіндігін түбегейлі бұзды. Дулатов 3 шілдедегі «заң мен қазақтар» атты мақаласында бұл шешімді әділетсіз деп сынаған. Ол егер қазақтардың депутаттары қазақтардың мәселесін шешуге қатыспайтын болса, онда бұл жағдайда депутаттардың қаншалықты шыншыл және білімді екендігіне қарамастан, осы мәселені көтерген құзырлы орган ешқандай нақты шешім қабылдамайды деп есептеді.

Міржақыптың 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазақ!» атты алғашқы ақындық жинағы оның саяси ұстанымын айқын көрсетіп тұрды. Осыдан кейін бұл жинақ дереу тәркіленді. Бірақ, қайсар қазақ баласы 1911 жылы оны қайта жариялап, туған өлкесі Торғайға оралды. Міржақып сол аралықта, 1910 жылы Каримовтың Қазан қаласындағы баспасында қазақ тілінде жазылған оның «Бақытсыз Жамал» романы жарық көрді. Сондай-ақ, бұл туынды сол қоғамда Шығыстағы мұсылман әйелдердің теңсіздігін көтерген, алғашқы шығарма болды.

1909-1911 жылдары ол Қызылжар қаласының сот кеңесінде қызметін жалғастырып, оқу жұмысын жаңартып, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ берді. Міржақып өз шығармашылығын өлең мен проза жанрында қатар дамытады. Әр жерде шығатын қазақ басылымдарына, әсіресе «Айқап» журналына үзбей жазып тұрады. Сонымен бірге қағілез жігіт қазақ даласындағы әлеуметтік өмірден де қол үзбей, жіті құлақ түріп, халық тұрмысының жай-жапсарын қадағалап отырады.

Әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен көріп-білгісі келеді. Осындай ниетпен 1911 жылы қалың қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай саяхатқа шығады. Бірақ бұл кезде патшалық тыңшыларының қалт еткізбес аңдуына алынған еркін ойлы азамат Семей қаласына келген бойда-ақ полицияның тырнағына ілінеді. Осының алдында ғана саяси айыппен қамауға алынып, сотсыз, тергеусіз сегіз ай абақтыда отырған Ахмет ағасының артынша бұл кісі де Семей түрмесінде табаны күректей бір жарым жыл отырды.

1912 жылы ол Орынборға келді. Аз санды қазақ зиялыларымен кеңескеннен кейін, халықтың санасына әсер етуді жалғастыру мақсатында көкейтесті тақырыптарда мақалаларын жариялауды бастайды. М. Дулатов А. Байтұрсынұлымен бірге алғашқы демократиялық ағартушылық бағыттағы «Қазақ» газетінің негізін қалайды.

«Қазақ» газеті 1913 жылдың бас кезінен бастап, 1918 жылдың наурызына дейін шығып тұрды. Алғашында айқын ағартушылық, дәйекті демократияшылдық бағытта болған бұл басылым ақпан революциясынан кейін Уақытша үкімет саясатының шылауына ілініп, содан шыға алмай қалды.

1914 жылы 14 мамырда Міржақып Дулатов Омск қаласында Ғайнижамал Баймұратқызымен бірге отбасын құрады. Ақынның қызы Гүлнар Дулатованың естеліктеріне сүйенсек, үйлену тойы Омбы қаласының жанындағы Коломзино станциясының мейрамханасында өтті. Үйлену тойынан кейін жаңа үйленген Дулатовтар бірден Орынбор қаласына кетеді.





Міржақыптың қалыңдығы — Ғайнижамал Баймұратқызы
Досымбекова. Омбы, 1914.



Ғайнижамал, Гүлнар, Міржақып Дулатовтар.
Орынбор, 1923.

1914 жылы түркітанушы Владимир Гордлевский танымал шығыстанушы Веселовскийдің туғанына 70 жыл толуына орай шығарылатын «Шығыс топтамасы» жинағы үшін қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдері ретінде Абай Құнанбайұлы мен Міржақып Дулатовтың шығармаларын тандап алды.





1916 жылы А. Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкейханов патша өкіметінің 25 маусымдағы қазақтарды майданға жұмыста тарту туралы жариялаған жарлығына қарсы шықты. Олар патша өкіметі онсыз да аштыққа ұшыраудың алдында тұрған халықты аштықтан өлтіретін болды деп санады. Міржақып сол кезде аш адамдарға көмектесетін тарихтағы алғашқы халықтық қор құрды. Содан бастап ол халық арасында кеңінен танылып, көпшілікті артынан ертіп жүрді.

1917 жылдың жазында Дулатов Орынбордағы тұңғыш бүкілхалықтық конгресті ұйымдастырушыларының бірі болды, онда алғашқы саяси қазақстандық Алаш партиясы құрылды. Сонымен қатар, Міржақып Семей аймағының делегаты болған, атақты ғалым, саяхатшы Григорий Николаевич Потанинді қазақ тілінде өте жақсы сөйлейтін, «біздің құрметті сібірлік ақсақал» деп атаған. Осы жылы Дулатов өзінің көшбасшылары Бөкейханов және Байтұрсынұлымен бірге Алаш-Орда үкіметінің құрамына кіреді.

1917-1918 жылдары Міржақып Алаш қозғалысының жұмысына қайта кірісіп, Ресей үшін қиын жылдары ел тәуелсіздігіне қатысты мәселелермен айналысты. 1917 жылы маусым-желтоқсанда өткен жалпы қазақ съездерінің жұмысына қатысты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ол біраз уақыт Орынбордағы газет-журналдарда жұмыс істеді.

1920 жылы Ташкентке келеді. Сол кездегі Түркістан республикасының органы – «Ақ жол» газетіне қызметке орналасады. Бірақ ол жерде кешегі Алаш көсемдерінің бірі ретінде көзтүрткі бола бастады ма екен, кім білсін, көп тұрақтамай қыр елін басып кері қайтады да, Семейге қарай бет алады. 1921

жылы сонда облыстық сотта судья болып істейді де, 1922 жылы қамауға алынады.

Сөйтіп бұдан 11 жыл бұрын патшалық тұсында жыл жарым отырған Семейдің түрмесіне тағы түседі. Бірақ, бір тәуірі, бұл жолы көп отырмай, өзімен бірге ұсталған Әлихан Бөкейханов екеуі Орынборға жөнелтіледі. Онда барғаннан кейін екеуі де қамаудан босатылады. Сол жылдары Міржақып әдебиет пен арифметика бойынша оқулықтар жазды, Фирдоуси, Крылов, Пушкин, Лермонтов және Шиллердің шығармаларын қазақ тіліне аударды. 1924 жылы Міржақып қазақ зиялыларының I съезіне қатысып, сөз сөйледі.

1922-1926 жылдары Қазақ халық ағарту институтында оқытушы болып жұмыс істейді. Ұстаздық қызметке қайта оралғаннан кейінгі осы төрт жылы, одан соң Қазақ мемлекеттік баспасында бөлім бастығы, «Еңбекші қазақта» редактордың стилистика жөніндегі көмекшісі болып істеген кездері Міржақыптың қарбыта қалам сілтеп, өндірте жұмыс істеген аса бір жемісті жылдары болады.

Міне, осындай шығармашылық кемел шағында, республикадағы мәдениет революциясы ісіне белсене ат салысып жүрген кезінде Міржақып Дулатов Сталин, Голощекин озбырлығының қармағына ілінді. Баяғы өткен оқиғалардың жаңғырығы қайта қоздырылып, 1928 жылдың желтоқсанында бір топ қазақ оқығандары қатарында тұтқынға алынды. Түрмесінің көрші камераларында Жүсіпбек Аймауытов пен Ахмет Байтұрсынұлы онымен бірге отырды.

1930 жылы ОГПУ коллегиясының үкімі бойынша алғаш ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім 10 жылға абақтыға қамау жазасымен алмастырылды.

Мұстафа Шоқай Франциядан келген Карелия сауда кемесіне кірген кезде, Міржақыптың лагерден қашуын ұйымдастырған болатын. Соған қарамастан, Міржақып өз отбасының тағдырынан қорқып, қашудан бас тартты.


Қайраткер 1935 жылы 5 қазанда, елу жасқа толуына бір ай қалғанда, Ақ теңіз-Балтық каналының бойындағы Карелия Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының (Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы) Беломорск ауданының Сосновец теміржол станциясында лагердің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болып, сол жерде жерленді.



Беломорканал лагері әкімшілігі, 30-жылдар



Беломорканал лагері әкімшілігінің қазіргі көрінісі



Беломорканал картасы



Соловецкідегі лагерь құрбандарына қойылған ескерткіш

Кеңес өкіметі жылдарында Міржақып Дулатовтың есімі мен оның шығармаларын зерттеуге тыйым салынды. 1988 жылы 27 қазанда Қазақ КСР прокуроры наразылық білдіріп, сол жылдың 4 қарашасында Жоғарғы Соттың Республикалық алқасы оның құрметті есімін толықтай қалпына келтірді. Ал 1991 жылы Міржақып Дулатовтың барлық шығармалары, өлеңдері мен мақалалары жинақталып, жарық көрді.

Дегенмен, 1990 жылы Карелия Республикасының үкіметі жергілікті тұрғындардың дәлелдері, фактілер мен құжаттардың негізінде Міржақып Дулатовтың сүйегін анықтайтын арнайы комиссия құрды. 1992 жылы қазан айында Міржақып Дулатовтың сүйегі отанына жеткізіліп, Торғай облысы (қазіргі Қостанай), Жангелді ауданы, Бидайық ауылына жерленді.



Міржақып Дулатұлы атындағы кешіарта орналасқан кесенеге
желушілер бір сәтке де толыстар емес.
Торғай, 1998 жыл



Міржақып Дулатұлының кесенесі жанындағы ұрпақтар кезісуі.
Торғай, 1998 жыл



**Әуликөл аудандық орталықтандырылған кітапхана ішіндегі
Міржақып Дулатовтың 140-жылдығына арналған
«Халқын оятқан қаламгер» атты кітап сөресі**



Алаштың ардақтысы, туған халқының бостандығы мен бақыты жолында «Оян, қазақ!» деп алғаш ұран салған жалынды жаршы, сол жолға өзінің бүкіл өмірін арнаған қаһарман қайраткер Міржақып Дулатов – есімі рухани шежіремізге алтын әріппен жазылатын ұлы тұлғаларымыздың бірі.

Жақандың мол шығармашылық мұрасы халқымыздың игілігіне айналып, жылдан-жылға кеңінен танылып келе жатқаны өте заңды. Оның рухына көрсетілетін қадір-кұрмет, қазіргі және болашақ ұрпақтардың тұрақты рухани қажеттігіне айналатынына сенім мол.

I бөлім «Сәулесі жарық жолға ұмтылған»

Бөлімде Алаштың асыл азаматы, педагог-ғалым, журналист-жазушы Міржақып Дулатов

туралы ақпарат ұсынылды.

XX ғасырдың басындағы мұсылман мектептерінде оқулықтың, оқу-әдістемелік құралдардың жоқшылығын көріп, бағдарламасыз, оқулықсыз, қолына не түссе соны оқытып жатқан кезде, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатов және т. б. сынды қазақтың біртуар зиялы азаматтарының тыңнан жол салып, ұлт мектептеріне арнап жаңа оқулықтар жазуы, елін, жерін, ұлтын сүйер азаматтың ғана қолынан келетін ерлік деп бағалауға болады. Ол кезде оқулық жазу қиынның қиыны еді. Біріншіден, ана тілінде бүгінгідей қалыптасқан ғылыми терминдер, екіншіден, үлгі-өнеге алар іс-тәжірибе, үшіншіден, кітап шығаратын полиграфиялық жағынан жетілген баспаханасы жоқ болатын.

Соған қарамастан, оқу-ағарту ісінің ауыр жүгін көтеруге бел байлап, жоғарыда аттары аталған асыл ағаларымыздың 1910–1920 жылдар аралығында ана тілі, тарих, есеп, жаратылыстану, педагогика, психология пәндерінен тұңғыш оқулықтар жазуы, педагогика, әдістеме ғылымдарының іргетасын қалауға белсене атсалысқаны аса зор еңбек еді.

II бөлім «Құғынмен жалғасқан ғұмыр»

Бұл бөлімге ағартушылық бағыттағы еңбектері, көп жылғы мұғалімдік тәжірибесі негізінде жазылған оқу құралдары, журналистік қызметінде

маңызды орын алатын тұрақты тақырыптардың бірі – денсаулық сақтау мәселесіне байланысты шығармалары мен нақты кеңестері, балаларға арналған шағын да болса тәрбиелік мәні зор еңбектері енгізілген. Автордың ғасыр басындағы онжылдық қайраткерлік және журналистік еңбегінің жемісі және соның айқын айғағы. Бұлардың бәрі де Жақанның әр кезеңдегі өмір деректерінен зердемізді нақты мағлұматтармен толықтыратын құнды ақпарат көзі деп бағалауға лайық. Бөлімге Міржақып Дулатовтың 1907–1917 жылдар аралығында, сол кездің мерзімді баспасөзінде жарияланған еңбектері енгізіліп отыр.


Міржақыптың нақыл сөздері

- Әркім өз қолынан келгенше жомарт;
- Артықтан тағылым ал, кемге – үйрет;
- Ағайын – арзан, пұл – қымбат;
- Болғанда бойда қуат жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып.
Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырма бір орында құр мұңайып;
- Халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмейтін сот – сот емес, сор;
- Сот түзелмей – халық түзелмейді;
- Алла жақын кеудеде оты барға;
- Аршын жұтқан кісідей кекірейме;
- Заң әдет-ғұрыпқа қайшы келсе – үлкен аяққа тар етік кигенмен бірдей;
- Халық тағдыры – карта ойыны емес;
- Дос емес дос сыртынан жамандаған;
- Құл десең биді – күледі,
Құл десең құлды – өледі;
- Қызығы бұл жалғанның – мал менен бас.

Міржақып Дулатов туралы фильмдер

- 1993 – «Міржақыптың оралуы», режиссері Қ. Умаров
Жанры: деректі фильм. Өндіріс: «Қазақтелефильм»
- 1994 – «Алаш туралы сөз», режиссері Қ. Умаров
Жанры: деректі фильм. Өндіріс: «Қазақтелефильм»
- 2009 – «Алашорда», режиссері Қ. Умаров
Жанры: деректі фильм. Өндіріс: Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм»
- 2022 – «Міржақып. Оян, қазақ!» телехикаясы, режиссері Жәрдем Дауылбаев, қоюшы-режиссер: Мұрат Есжан. Фильмде Алаш қайраткері өмірінің 1909–1935 жылдары қамтылған. Телехикая 6 бөлімнен тұрады.

- 2023 – «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі. Фильмде Алаш қайраткері өмірінің 1909–1935 жылдары қамтылған.



Кітаптары:

1. Дулатов, М. Бақытсыз Жамал [Мәтін] : Роман. Әңгімелер. Өлеңдер / М. Дулатов. – Астана : Фолиант, 2024. – 204 б.
2. Дулатов, М. Бақытсыз Жамал : роман / М. Дулатов ; Қыз көрелік : роман / Т. Жомартбаев ; Ақбілек : роман / Ж. Аймауытов [Мәтін] / М. Дулатов. – Алматы : Жазушы, 2009. – 319, [1] б.
3. Дулатов, М. Оян, қазақ! [Мәтін] : роман, өлең-жырлар, әңгімелер / М. Дулатов ; құраст. Н. Ақбай. – Алматы : Атамұра, 2003. – 190, [2] б.
4. Дулатов, М. Шығармалары [Мәтін] / М. Дулатов. – Алматы : Ана тілі, 2010. – 398, [2] б.
5. Дулатұлы, М. Алашым, ардағым! [Мәтін] / М. Дулатұлы ; құраст. және ред. А. Ментебаева. – Алматы : «Олжас кітапханасы» Баспа үйі, 2012. – 182 б.
6. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 1 т : Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 396, [2] б.
7. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 2 т : Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 390, [2] б.

8. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 3 т : Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 398, [2] б.
9. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 4 т : Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 342, [2] б.
10. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 5 т : Аудармалар, құжаттар мен деректер / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 501, [3] б.
11. Дулатұлы, М. Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін] 6 том : Кейінгі жылдары табылған құжаттар мен деректер, хаттар, естеліктер / М. Дулатұлы ; құраст. : Е. Сатыдалбиев, В. Галиев, Т. Жұртбаев, М. Әпсәметов. – Алматы : Мектеп, 2013. – 470, [2] б.

Міржақып Дулатов кітап беттерінде:

1. Абақтыдағы жан сөзі [Мәтін] : Түрмеде жазылған жырлар антологиясы / [құраст. Е. Тоқтарбай] – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. – 560 б.
2. Алаш қозғалысы [Мәтін] : балаларға арналған анықтамалық. – Алматы : ЖК «InterBesCompany», 2017. – 151, [1] б.
3. Алаш қозғалысы [Мәтін] : Алаш қозғалысына, партиясына, Алашорда үкіметіне арналған өлеңдер / құраст.: Е. Тілешов, С. Жұмағұлов. – Алматы : ЖК «InterBesCompany», 2017. – 88 б.
4. Асқаров, Ә. Кертөлғау мен ойтолғау [Мәтін] : Ардақты ағалар, замандастар мен құрдастар, ізетті інілер жайындағы ой-толғамдар / Ә. Асқаров. – Алматы : Тоғанай Т, 2024. – 365, [2] б.: сурет.
5. Әбдіраш, Ж. Құлпытас [Мәтін] / Ж. Әбдіраш. – Алматы : Мер-PRESS, 2017. – 287, [1] б.
6. Әпсәметов М. Міржақып Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы. – Алматы, 1995. – 215 б.
7. Дулатова, Г. Алаштың сөнбес жұлдыздары [Мәтін] / Г. Дулатова. – Алматы : Мектеп, 2012. – 991, [1] с.
8. Дулатова, Г. Шындық шырағы [Мәтін] : естелік-эссе / Г. Дулатова. – Алматы : Мектеп, 2013. – 405, [1] б.
9. Елеукенов, Ш. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] Т. 5 : Жаңа жолдан. зерттеулер, сыни мақалалар / Ш. Елеукенов. – Алматы : Қазығұрт, 2010. – 365, [3] б.
10. Естеліктегі Алаш [Мәтін] / құраст., алғы сөзін және түсініктерін жазған С. Б. Жұмағұл ; ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л. Н. Гумилев ат.

- Еуразия ұлттық ун-ті ; «Алаш» мәдениет және рухани даму ин-ты. – Ғылыми-танымдық басылым. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 488 б.
11. Жақанов, И. Инжу-маржан [Мәтін] / И. Жақанов ; [жобаның авторы: М. Жолдасбеков] – Астана : Күлтегін, 2023. – 320 б.
12. Жұртбай, Т. «Ұраным-Алаш!..» [Мәтін] : зерттеулер. Т. 1 / Т. Жұртбай. – Алматы : Ел-шежіре, 2008. – 472 б.
13. Жұртбай, Т. «Ұраным-Алаш!..» [Мәтін] : түрме әфсанасы. Т. 2 / Т. Жұртбай. – Алматы : Ел-шежіре, 2011. – 462, [2] б.
14. Жүз жиырма тұңғыш [Мәтін] : құраст. Б. Нұржеке-ұлы. Т. 1. – Алматы : Жалын баспасы, 2015. – 383, [1] б.
15. Кәкішев, Т. Қазақ зиялары [Мәтін] / Т. Кәкішев. – Алматы : Қазығұрт, 2011. – 414, [2] б.
16. Қазақ халқының тарихи тұлғалары [Мәтін] 2 кітап : Ұлттық қайраткерлер, ақын-жазушылар, күш алыптары, ғалымдар, суретшілер, сәулетші-архитекторлар, өнер тарландары / құраст. Ә. Көпіш. – Алматы : Өнер, 2016. – 367, [1] б.
17. Қазақ халқының философиялық мұрасы [Мәтін] 11-том : XX Ғасыр басындағы қазақ философиясы / ғыл. ред. Ә. Нысанбаев ; құраст. Т. Ғабитов, С. Е. Нұрмұратов ; сарапшы М. Сәбит ; арнайы ред. Ж. Аймұхамбетова – Астана : Аударма, 2008. – 464 б.
18. «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы» : Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. 31 мамыр – 1 маусым 2012 жыл=»Голод в казахстане: трагедия народа и уроки истории». Сборник материалов международной научной конференции. 31 мая – 1 июня 2012 года [Мәтін] / ред. Б. Ғ. Аяған. – Астана : Мемлекет тарихы институты, 2012. – 395, [5] б. + фото.
19. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы [Мәтін] : 10 томдық. 6 том : Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып, қалыптасу тарихынан (1920-2000 жылдар) / құраст. С. Қалиев, К. Аюбай. – [Алматы] : [Сөздік-Словарь], [2009] – 396, [4] б.
20. Қалиев, С. Этнопедагогика [Текст] : оқулық / С. Қалиев, Ж. Молдабеков, Б. Иманбекова. – 2-басылым. – Астана : Фолиант, 2010. – 397, [1] б.
21. Қамзабекұлы, Д. Алаш арқауы [Мәтін] : [зерттеу мақалалар] / Д. Қамзабекұлы. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 406, [2] б.
22. Қожакеев, Т. Шығамалары [Мәтін] Т. 6 / Т. Қожакеев. – Алматы : Айғаным, 2014. – 285, [1] б.
23. Қойшыбаев, Б. Тәуелсіздік тамырлары [Мәтін] : зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар / Б. Қойшыбаев. – Алматы : Дәуір, 2022. – 612 б.: сурет.

- 24.Мақырұлы, С. М. Қазақ әдебиеті [Мәтін] I бөлім : оқулық / С. М. Мақырұлы, Т. Сыдықов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарына ұсынады – 2-басылым. – Астана : Фолиант, 2011. – 191, [1] б.
- 25.Мәсімханұлы, Д. Таңдамалы. Үш томдық [Мәтін] Т. 1 : Мұхтар Әуезов және Лу Шүн. Жыр-Жебе : зерттеулер / Д. Мәсімханұлы. – Астана : Фолиант, 2016. – 596 б.
- 26.Омашев, Н. 1920-жылдардағы кеңестік журналистика [Мәтін] : құраст.: Ғ. Ақсейіт, Ұ. Сәйдірахман / Н. Омашев. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 318, [2] б.
- 27.Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары)=Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века) [Текст] Т. 15 : Северный Казахстан и Алаш / сост.: А. Г. Ибраева, С. З. Маликова и др. – Астана : б.и., 2022. – 408 б.
- 28.Сәтбаева, Ш. Уақыт шуағы. Шакарим Кудайбердиев [Мәтін] : Бес томдық шығармалар. Т. 4 / Ш. Сәтбаева. – Астана : Елорда, 2013. – 479, [1] б.
- 29.Смағұлова С. Міржақып Дулатов отарлау саясатына қарсы күрескен қайраткер //«Елім деп соққан ұлы жүрек»: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист Міржақып Дулатұлына арналады) Құраст. В. Қ Күзембаева ; Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2002. – 362 б.
- 30.Сыздықова, Р. Көптомдық шығармалар жинағы [Мәтін] Т. 13 : Қазақтың ғылым әлеміндегі алғашқы алыптар: «Абай» энциклопедиясында жарияланған ғылыми-теориялық мақалалар / Р. Сыздықова ; жауап. ред. О. Жұмабаева. – Алматы : Ел-шежіре, 2018. – 379, [3] б.
- 31.Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы [Мәтін] : он томдық. т. 10 : Түркі халықтарының тарихи ойы / құраст. ғыл. ред. Р. Қ. Нұрмағамбетова – Астана : Фолиант, 2006. – 391, [1] б.
- 32.Туған тіл [Мәтін] : альманах. № 1 (38), 2019 / ред. алқасының төреғ. Ғ. Мелдешов. – Алматы : б.и., 2019. – 99, [1] б.
- 33.Туған тіл [Мәтін] : альманах. № 4 (41), 2019 / ред. алқасының төреғ. Ғ. Мелдешов. – Алматы : б.и., 2019. – 99, [1] б.
- 34.Түлегенова А. Ж. Міржақып Дулатұлының қоғамдық саяси қызметі // «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» атты халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары (Қарағанды, 30–31 қазан 2015 ж.). – Қарағанды : Болашақ баспа, 2015. – 162–169 б.

35. Ұлт рухы [Мәтін] : [қанатты сөздер] / құраст. Е. Зәңгіров. – Алматы : Arna-b, 2015. – 159, [1] б.
36. Шәріп, А. Егеулі қалам [Мәтін] / А. Шәріп. – Алматы : Sardar G, 2024. – 365, [2] б.
37. Ысқақұлы, Д. Қазақ әдеби сынының тарихы [Мәтін] Т. 1 / Д. Ысқақұлы. – Алматы : Қазығұрт, 2011. – 462, [2] б.
38. Ісімақова, А. Алаш әдебиеттануы [Мәтін] : [монография] / А. Ісімақова. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 278, [2] б.
39. Ісімақова, А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы [Мәтін] : зерттеулер, мақалалар / А. Ісімақова. – Алматы : Дәстүр, 2015. – 286, [2] б.

М. Дулатов туралы периодика беттерінде:

1. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні [Мәтін] // Қазақ. – 2015. – № 23–24. – Б. 1, 6–7.
2. Абдуллин, Әмірхан. «М. Дулатов және ұлт руханияты» [Мәтін] : [Торғай өңірінде кітапханашылардың облыстық семинары өтті] / Әмірхан Абдуллин // Қостанай таңы. – 2010. – 15 қыркүйек. – Б. 3.
3. Айқадамова, Айтолқын. Жастар санасына сілкініс керек [Мәтін] : [тәуелсіздік күні қарсаңында өткен ерекше рухани кездесу жастардың басын қосты] / Айтолқын Айқадамова ; суреттерді түсірген – Б. Көркембаев // Қостанай таңы. – 2024. – 6 желтоқсан. – Б. 19.
4. Айқадамова, Айтолқын. Тарихи телехикая түсірілуде [Мәтін] : [«Qazaqstan» ұлттық телеарнасының Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы туралы] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2022. – 5 қазан. – Б. 7.
5. Алаш арыстары қалай ақталды? [Мәтін] : [ғалым Жабайхан Әбділдинмен сұхбат : суреттер бар] / Ж. Әбділдин ; әңгімелескен Жарасбай Сүлейменов // Егемен Қазақстан. – 2013. – 11 қаңтар. – Б. 7.
6. Ахметбеков, Байбатыр. Міржақып бабамызға ескерткіш орнатылды [Мәтін] : [қоғам қайраткері Дулатовқа] / Байбатыр Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2016. – 14 қыркүйек. – Б. 5.
7. Әбжанов, Ханкелді. Қаһарлы 1916 жыл: Ұлы бетбұрыс қырлары мен астары [Мәтін] / Ханкелді Әбжанов // Қостанай таңы. – 2023. – 26 мамыр. – Б. 20.
8. Әлім, Қайсар. «Егемен»: қос құбылыс! [Мәтін] : [Алаш қайраткерлері М. Дулатов пен Бейімбет Майлин туралы] / Қайсар Әлім // Егемен Қазақстан. – 2017. – 23 қараша. – Б. 3.

9. Әлім, Қайсар. Қазағын оятып, ойлантқан! [Мәтін] : [Алаш қайраткерінің жер, дін, діл, жалпы хал-ахуал хақындағы ойларының өміршендігі туралы] / Қайсар Әлім // Егемен Қазақстан. – 2010. – 24 қараша. – Б. 12.
10. Әлім, Қайсар. Қаралы қарбалас [Мәтін] : (Күнделіктен үзінді) / Қайсар Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 4 қараша. – Б. 23.
11. Әлім, Қайсар. Парыз бен қарыз [Мәтін] : Міржақып Дулатов – 125 / Қайсар Әлім // Егемен Қазақстан. – 2010. – 24 ақпан. – Б. 5.
12. Әлімақын, Дүйсенәлі. Міржақып туралы телесериал [Мәтін] : [жуықта «Қазақстан» телерадиокорпорациясы қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлы туралы тарихи телехикаясының түсірілімін бастады] / Дүйсенәлі Әлімақын // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 19 тамыз. – Б. 16.
13. Әлімақын, Дүйсенәлі. Міржақыптың беймәлім суреті [Мәтін] : [ақын М. Дулатовтың суреті] / Дүйсенәлі Әлімақын // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 1 наурыз. – Б. 13.
14. Әмір, Әбутәліп. Міржақып туған киелі жер [Мәтін] : [ақын, Алаш қайраткері М. Дулатов] / Әбутәліп Әмір // Қостанай таңы. – 2024. – 20 ақпан. – Б. 6.
15. Әнесұлы, Жұмат. Қуғынмен басталып, азаппен аяқталған ұлы ғұмыр [Мәтін] : Көрнекті қоғам қайраткері, көркемсөз шебері Міржақып Дулатов туралы сөз / Жұмат Әнесұлы // Қостанай таңы. – 2016. – 29 қаңтар. – Б. 5–6.
16. Әсіпұлы, Сапабек. Жұртының жадындағы жарқын бейне [Мәтін] : [филология ғылымдарының кандидаты С. Әсіпұлы Міржақып Дулатұлы туралы] / Сапабек Әсіпұлы ; суреті бар // Ана тілі. – 2014. – № 10 (13–19 наурыз) – Б. 6–7.
17. Досмағамбетова, Әсем. Алаштың ардақтысы ардақталды [Мәтін] : [Міржақып Дулатовқа арналған әдеби-танымдық кеш өтті] / Әсем Досмағамбетова // Қостанай таңы. – 2024. – 18 қыркүйек. – Б. 7.
18. Есенжол, Азамат. Міржақыптың тайжақысы [Мәтін] : [Астанадағы Ұлттық музейде орналасқан] / Азамат Есенжол // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 10 қаңтар. – Б. 10.
19. Ескендір, Қанат. Дулатовтар мұрасы [Мәтін] : осы тақырыпты насихаттағаны үшін қаламгер Қайсар Әлімге «Ұлт мақтанышы» медалі табысталды / Қанат Ескендір // Егемен Қазақстан. – 2015. – 4 желтоқсан. – Б. 12.
20. Жақып, Қалқаман. Алаш және тәуелсіздік рухы [Мәтін] / Қалқаман Жақып // Қостанай таңы. – 2022. – 1 наурыз. – Б. 6.

21. Жақып, Қалқаман. Алаш және тәуелсіздік рухы [Мәтін] / Қалқаман Жақып // Қостанай-АГРО. – 2022. – 1 қыркүйек. – Б. 16.
22. Жахаң мүсіні орнатылды [Мәтін] : [Жангелдин ауданының Қызбел ауылында Алаштың көрнекті қайраткері Мыржақып Дулатовтың бюсті бой көтерді] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2021. – 14 шілде. – Б. 3.
23. Жұмағұл, Сағымбай. Алаш һәм Жапон [Мәтін] / Сағымбай Жұмағұл ; коллажды жасаған Қонысбай Шежімбай, «EQ» // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 19 қаңтар. – Б. 11.
24. Жүгенбаева, Гүлбану. Кеңестік билік тарихнамасындағы ұлттар қасіреті [Мәтін] : [Қазақстан Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың «31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне» орай жариялаған Үндеуі] / Гүлбану Жүгенбаева ; суретті түсірген Ерлан Омар, «EQ» // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 29 қазан. – Б. 15.
25. Жүнісұлы, Мұрат. Аудан музейі – Арқалықта [Мәтін] : [көрме туралы] / Мұрат Жүнісұлы ; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2020. – 25 ақпан. – Б. 8.
26. Исмағұлова, Алма. «Оян, қазақ!» [Мәтін] : әдеби-әуезді кешінің сценарийі / Алма Исмағұлова // Кітап жаршысы. – 2010. – № 12. – Б. 4.
27. Исмаилова, Айнагүл. Тәуелсіз Қазақстанның тұғыры биіктесін [Мәтін] : [орта мектепте іс-шаралар өткізілді] / Айнагүл Исмаилова // Әулиекөл. – 2015. – 24 желтоқсан. – Б. 5.
28. Кемеңгер, Қайырбек. Алаш биігі [Мәтін] / Қайырбек Кемеңгер // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 12 желтоқсан. – Б. 1, 4.
29. Көкірегі алтын Көмбе еді [Мәтін] : [Міржақыпқызы Гүлнар әкесі туралы] / дайындаған Қызжібек Әбдіғаниқызы // Қазақ. – 2015. – № 4. – Б. 5.
30. Күзембаев, Жамбыл. Міржақып Дулатұлы және «Қазақ» газеті [Мәтін] / Жамбыл Күзембаев // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 11 тамыз. – Б. 10.
31. Қадырменова, Әсемгүл. Тағылымы мол тарихи құжаттар [Мәтін] / Әсемгүл Қадырменова // Қостанай таңы. – 2021. – 2 наурыз. – Б. 6.
32. «Қазағын оятқан» [Мәтін] : [жазушы Қайсар Әлімнің кітабы жарық көрді] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2020. – 7 тамыз. – Б. 12.
33. Қайратұлы, Бекен. Алаш арыстарының ұстазы болған ауыл молдасы туралы не білесіз? [Мәтін] / Бекен Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 19 сәуір. – Б. 11.
34. Қайратұлы, Бекен. Алаш арыстарының Шәуешекке сапары [Мәтін] / Б. Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 21 қаңтар. – Б. 12.
35. Қайратұлы, Бекен. Қазақ зиялыларының қудалануы [Мәтін] / Бекен Қайратұлы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 30 мамыр. – Б. 7.

- 36.Қиысқан, Қыдырбек. Алаштың айбынын асқақтатқан [Мәтін] : [Елордада Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатұлына арналған ескеркіш ашылды] / Қыдырбек Қиысқан // Қостанай таңы. – 2021. – 9 шілде. – Б. 3.
- 37.Құлабаев, Нұрқанат. Алаш арыстарының Торғайдағы музейі [Мәтін] : [Торғайдағы ең көне ғимараттың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың әдеби музейі орналасқан үй] / Нұрқанат Құлабаев // Қостанай-АГРО. – 2022. – 24 ақпан. – Б. 16.
- 38.Құлабай, Нұрқанат. Айналайын, бидайық, жол шалғай, жетер күн қайда? [Мәтін] : [Алаш қайраткері М. Дулатовтың туған ауылының және оның кесенесі жағдайы туралы] / Нұрқанат Құлабай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 6 ақпан. – Б. 14.
- 39.Құлабай, Нұрқанат. Алаш арыстарының Торғайдағы музейі [Мәтін] : [Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың әдеби музейі] / Нұрқанат Құлабай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 16 ақпан. – Б. 13.
- 40.Құлабай, Нұрқанат. Міржақып кесенесінің күмбезі жаңартылды [Мәтін] : [Алаш қайраткері М. Дулатовтың] / Нұрқанат Құлабай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 5 ақпан. – Б. 16.
- 41.Құрманғалиева-Ержиласун, Гүлжанат. Алаш: Батыста жарияланған тың дерек [Мәтін] : [Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы туралы дерек] / Гүлжанат Құрманғалиева-Ержиласун // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 21 ақпан. – Б. 13.
- 42.Мырза, Абай. Ұлт үмітін ақтаған [Мәтін] : [Қазақ газетінің 110 жылдығы] / Абай Мырза // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 3 ақпан. – Б. 7.
- 43.Міржақып Дулатовтың жаназасын шығарған имам [Мәтін] : Белгілі дін қайраткері Шоқан қажы Әмірхановпен сыр-сұхбат / әңгімелескен – Оразалы Жақсанов // Қостанай таңы. – 2024. – 28 маусым. – Б. 6–7.
- 44.Міржақыптың рухани мұрагері [Мәтін] : қаламгер Қайсар Әлім Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2019. – 12 сәуір. – Б. 2.
- 45.Негимов, Серік. Ақанның дәрісі, Смағұлдың төрелігі, Міржақыптың дауысы [Мәтін] : [қаламгер Хасен Уахитұлы Өзденбаевтың «Өткен өмір белестері» атты мемуарлық шығарманың беттерінен] / Серік Негимов // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 6 сәуір. – Б. 19.
- 46.Негимов, Серік. Жасын [Мәтін] : [Міржақып Дулатұлының әдеби-ғылыми шығармашылығы туралы] / Серік Негимов // Егемен Қазақстан. – 2010. – 8 қыркүйек. – Б. 5

- 47.Нуров, Тимур. Қалқаман Жақып, профессор: «Тарихтан тағылым – тәубеге жол ашады» [Мәтін] : [саяси құғын-сүргін құрбандары туралы] / Тимур Нуров // Қостанай-АГРО. – 2020. – 28 мамыр. – Б. 17.
- 48.Нұрманов, Сүгірбай. Міржақып Дулатов және Ұлт руханияты [Мәтін] : [Ақынның туғанына 125 жыл толуына орай Жанкелдин ауданында кітапханашылардың облыстық семинары өтті] / Сүгірбай Нұрманов // Егемен Қазақстан. – 2010. – 13 қазан. – Б. 8.
- 49.Оспанұлы, Серікбай. Ахмет Ата ; Алғаны алғыс атаның ; Қаратұз ; Адамдықтың диқаншысы ; Әлихан Бөкейханов ; Міржақып Дулатов ; Білім жарысы [Мәтін] : [өлеңдер] / Серікбай Оспанұлы // Қостанай таңы. – 2022. – 3 маусым. – Б. 8.
- 50.Оспанұлы, Серікбай. Тобыл-Торғай тұлғалары – шетелдіктер көзімен [Мәтін] / Серікбай Оспанұлы, К. Мырзағалиева // Қостанай таңы. – 2019. – 11 желтоқсан. – Б. 6.
- 51.Рахметов, Самат. Азаттықты аңсаған ұлт көсемі [Мәтін] : Тәуелсіздік туы желбіреген отыз жылдың ішінде еліміз бүкіл әлемге танылды [қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлы туралы] / Самат Рахметов // Әулиекөл. – 2020. – 3 желтоқсан. – Б. 5.
- 52.Сағитова, Гүлназым. Міржақып мұражайы ашылды [Мәтін] : [Қостанай инженерлік-экономикалық университетінде ақын М. Дулатұлына мұражай ашылды] / Гүлназым Сағитова ; суретті түсірген Қ. Бейсенов // Қостанай таңы. – 2010. – 23 қараша. – Б. 1–2.
- 53.Сақ, Қайрат. Дала қоңырауы [Мәтін] : биыл «Қазақ» газетінің шыға бастағанына 100 ж. толады : [суреттер бар] / Қайрат Сақ // Егемен Қазақстан. – 2013. – 1 қаңтар. – Б. 6.
- 54.Сәлімова, Г. Халқын оятқан қаламгер [Мәтін] : Міржақып Дулатовтың туғанына 125 жыл / Г. Сәлімова // Әулиекөл. – 2010. – 7 қазан. – Б. 5.
- 55.Сәрсекеев, Қоғабай. Ұлт мерейі [Мәтін] : [«Қазақ» газетінің мерейтойы : суреттер бар] / Қоғабай Сәрсекеев // Егемен Қазақстан. – 2013. – 26 сәуір. – Б. 8.
- 56.Смағұл, Бақытбек. Ұлт санасын оятқан [Мәтін] / Бақытбек Смағұл // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 13 қаңтар. – Б. 10.
